

"Қарағанды металлургия комбинаты" мемлекеттік акционерлік қоғамы қызметінің ерекшеліктері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 6 қараша N 1462. Күші жойылды - ҚРМК-нің 1995.11.17. N 1564 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мемлекеттің атынан Қазақстан Республикасының Меммүліккомы "Испат Интернешнл /ЮК/ Лимитед" компаниясымен қол қойған "Қарағанды металлургия комбинаты" мемлекеттік акционерлік қоғамын басқару туралы шарт назарға алынып, мақұлданын.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тарапынан шарттың қағидаларының орындалуына бақылау жасау Өнеркәсіп және сауда министрлігінің орынбасары М.А.Мұртазаевқа жүктелсін, ол өзінің функциясын Басқару туралы шартқа сәйкес іске асырылуы тиіс.

Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті "Қарағанды металлургия комбинаты" мемлекеттік акционерлік қоғамына берілетін шикізаттың бағасына қатаң бақылау орнатсын.

2. Былай деп белгіленсін:

"Қарағанды металлургия комбинаты" мемлекеттік акционерлік қоғамының төлемдік-есеп айырысу құжаттарына қол қою құқығы "Испат Интернешнл /ЮК/ Лимитед" басқарушы фирмасының өкілетті уәкіліне беріледі, ал сенімді басқарушы А.М.Мұртазаев және Меммүліккомының өкілі Басқару туралы шартта қарастырылған тәртіп пен қағидалар бойынша өндірістік-қаржы қызметіне, шикізат жіберіліміне және өнімнің өткізілуіне бақылау жасауды жүзеге асырады;

"Қарағанды металлургия комбинаты" мемлекеттік акционерлік қоғамының комбинаттың өнімін сату контрактілері Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігінде тіркеуге жатпайды.

"Қарағанды металлургия комбинаты" мемлекеттік акционерлік қоғамының кез-келген баспа-бас айырбас және толлинг операцияларын жүргізуіне тыйым салынады.

3. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары, Қарағанды облысының және Теміртау қаласының әкімдері "Испат Интернешнл /ЮК/ Лимитед" фирмасына қажетті көмек көрсетсін.

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қарағанды металлургия комбинаты" мемлекеттік акционерлік қоғамын реформалау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 17 қазандағы N 1338 қаулысының 5-тармағы;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1995 жылғы 17 қазандағы N 390 өкімі;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1995 жылғы 2 қарашадағы N 432 өкімі.

5. "Қарағанды металлургия комбинаты" мемлекеттік акционерлік қоғамын реформалау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 17 қазандағы N 1338 қаулысы осы қаулының талаптарына және "Испат Интернешнл /ЮК/ Лимитед" фирмасымен жасалған Басқару туралы шарттың қағидаларына қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

6. Осы қаулының орындалуына бақылау жасауды жүзеге асыру Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары Н.Қ.Есенғаринге жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі